



A circular arrangement of various colored crayons framing the text. The crayons are in shades of red, yellow, purple, green, blue, brown, orange, and black. Each crayon has its color name written on it in a matching color. The text is centered within the circle formed by the crayons.

Қазақ психология тарихын зерттеумен көптен айналысып жүрген көрнекті психолог-ғалым Жарықбаев Құбығұл Бозайұлы Қазақстанда психология ғылымының қалыптасуы мен даму тарихын үш кезеңге бөліп қарастырады. Бірінші кезеңі – кеңес үкіметі орнағанға дейінгі қазақ психологиясы – бұл кезең психология ғылымының ілкі бастауы (XV-XXғ.) болса, екінші кезеңі – марксистік кеңестік психология деп аталады (1920-1990), үшінші кезең – егемен, тәуелсіз Қазақстан жағдайында қалыптасқан ғылыми психология дамуының жаңа кезеңі (1991-2006).


Алғашқы психологиялық ой-пікір қазақ топырағында дүниеге келген шығыстың ұлы ойшылы **Әбу Насыр әл-Фараби** ғылыми еңбектері мен философиялық трактаттарынан бастау алады. Әл-Фараби ілгі ортағасырлық білім-ғылымның барлық салаларының негізін қамтитын орасан мол мұра қалдырды. Сондай ғылым салаларының бірі- психология. Әл-Фараби психология ғылымының әртүрлі мәселелеріне «Ақыл-ой туралы», «Темперамент туралы», «Түс көру туралы сөз», «Жанның мәні туралы», «Ақыл-ой және ұғым», «Жас өспірімнің ақыл ойы туралы кітап», «Ересектердің ақыл-ойы туралы кітап», және т.б еңбектерін арнады.





Қазақ топырағында дүниеге келген, ортағасырлық **Жүсіп Баласағұнның** «Құтадғу білік» (Құт негізі – білік) еңбегі көне түркі тілінде жазылған дастан, ол психологиялық ой-толғаныстарға өте бай. Отбасы тәрбиесі – бала мінез-құлқы мен психологиялық бейнесін қалыптастырудағы негіздерінің негізі. Жүсіп Баласағұнның айтуынша, үлгілі тәрбиенің негізі – білім, әдет-дағдыларға машықтандыру. Бұл еңбегінде адамдардың бір-бірімен қатынас жасауы, сөз өнері, адамның әртүрлі жаман-жақсы қасиеттері туралы кең көлемде әңгімеледі.



Жүсіп Баласағұнның
«Құтадғу білік» дастанында
«Тіл туралы» айтқан
қағидаларының тәлімдік-
тағылымдық, ғибраттық мәні
ерекше. Жүсіп Баласағұнның
«Тіл адамның даңқын
асырады», «Адам ол арқылы
бақыт табады», «Тіл адамға
жапа шектіреді»,
«Абайламаса, басынан да
айырады», «Жақсы болғың
келсе, жаман сөз айтпа» деген
мәтелдердің психологиялық
мәнін ашып көрсетті.



Моральдық-психологиялық сипаттағы ой-пікірлер
ортағасырлық ғұлама-ойшылдар Махмұд Қашқари,
Ахмет Иүгінеки, Ахмет Яссауи, Сәйф Сараи,
Мұхаммет Хайдар Дулати, Қ.Жалаири еңбектерінде
жан-жақты баяндалады.



Қазақ ағартушыларының
психологиялық көзқарасын қазақ
психологтарының ішінен бірінші
болып зерделеген көрнекті қоғам
және мемлекет қайраткері,
психолог-ғалым,
академик **Төлеген
Тәжібаев** болды. Ол Қазақстанда
психология ғылымы саласында
тұңғыш рет 1939 жылы
Ленинград қаласында «К.Д.
Ушинский – Ресейдегі
педагогикалық психологияның
негізін салушы» тақырыбында
кандидаттық диссертация
қорғады.



Жүсіпбек Аймауытовтың «Психология» оқулығының екінші, үшінші тараулары жеке тұлғаның психикалық ерекшеліктері мен мінез-құлқын зерттеу әдістері туралы, жүйке жүйесінің құрылымы, оның заңдылықтарына сипаттама береді. Сол сияқты шартты рефлексдер, организмнің тітіркендіргіштік, сезгіштік қасиеттері туралы айтылады. «Денедегі кейбір мүшелер, оның қызметтері» және «Эмоция және сезім» атты төртінші және бесінші тарауларында психикалық үрдістердің анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері мен эмоция, сезім, көңіл-күйге талдау жасалады. Сонымен қатар оқулықта таным үрдістеріне сипаттама беріледі, олардың заңдылықтары мен қасиеттеріне тоқталады.





Психология және педагогика ғылымдары саласында психолог және педагог ғалым ретінде **Василий Яковлевич Струминскийдің** (1880-1963) Республикада психология ғылымын дамытуда сіңірген еңбегі ерекше. Ол Орынбор практикалық институтында педагогика, жалпы және педагогикалық психология пәндерінен студенттерге дәріс берді.

1923 жылы В.Я.Струминскийдің Орынбор қаласында «Психология» оқулығы орыс тілінде жарық көрді. Еңбегінде диалектикалық материализм тұрғысынан ғылыми психологияның негізгі мәселелерін бір жүйелі баяндау тәжірибесіне тоқтады. Кейбір әдіснамалық кемшіліктеріне қарамастан, бұл еңбектің мәні орасан зор болды




1935 жылдан бастап, өмірінің соңғы кезіне дейін психология ғылымының көрнекті қайраткері, профессор **Александр Петрович Нечаев** (1870-1948. Психология ғылымы саласында 50 жылдан астам уақыт жемісті еңбек еткен, есімі әлемге белгілі психолог-ғалым. Ол психология ғылымының әртүрлі саласында, әсіресе, психологияның жас, педагогикалық, медициналық және т.б. салаларын дамытуға ерекше еңбек сіңірді. Өмірінің соңғы жылдары Семейдің Н.К.Крупская атындағы педагогикалық институтында студенттерге педагогикадан және психологиядан дәріс оқыды. А.П.Нечаев көп жылдар «Психофизиологиялық синдромдар жүйесі» тақырыбында Ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізіп, жоғары аттестациялық комиссия 1944 жылы диссертация қорғамай-ақ, психология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін берді.



Психология өз алдына ғылым ретінде ХІХ ғасырдың 60 ж. бөлініп шықты. Оған себеп болған ғылыми-зерттеу мекемелері-психологиялық лабораториялар және институттар, жоғары оқу орындарындағы кафедралар сонымен қатар психикалық құбылыстарды оқып-білуге байланысты экспериментті насихаттау жұмыстары.

Көптеген ертедегі ойшылдардың көзқарастарына ортақ болған “психология” сөзінің орнына “жан” ұғымын қолданады және ерекше мәнді құбылыс ретінде қарастырады.



И.Ф.Гербарт

В.Вундт

И.М.Сеченов

В.М.Бехтерев

Зигмунд Фрейд

Джон Уотсон

Роберт Вудворте

Немістің эмпирикалық психологиясының негізін қалаған.Ғылымға ассоциация және апперцепция енгізген ұғымдары психологияда сақталған және өз мәнін жойған жоқ.

Лейпциг қаласында 1879 жылы эксперименталдік психологиялық зертхана негізін қалаған, ол кейіннен эксперименталдік психология институтына айналды.

Оның “Бас ми рефлекстері” атты белгілі еңбегі рефлекс ұғымына негізделген жаңа эмпирикалық психологияның негізін қалады.

Ол Қазан қаласында бірінші отандық эксперименталдік психологиялық зертхананы негіздеді.

Ол психоанализ бағытының негізін салушы.Оның негізгі еңбегі “Түс көруді талқылау” 1900 жылы жарық көрді.

Америка психологі психологияны мінез-құлық туралы ғылым ретінде қарастырады.”Психология, оны бихевиорист қалай көреді”,”Бихевиоризм”деген еңбектері бар.

Көрнекті америка психологі функционалдық психологияның негізін салушылардын бірі. Ол бихевиористердің ұсынған “стимул -реакция” үлгісін жоққа шығарып, оның құрамына аралық буын – ағза мен ұстанымды енгізді, түрткі туралы ілімді талдады.

Аристотель

Р.Декарт

Б.Спиноза

Т.Гоббс

Джон Локк

Д.Гартли

Еңбектері

Жан туралы ғылыми-психологиялық еңбектің-трактаттың авторы. Ол адамда болатын негізгі 5 сезім органдарын атап көрсетті: көру, есту, тері, дәм, иіс.

Ол сырттан әсер еткен ықпалға жауап берудің автоматтық, механикалық тәсілі ретінде рефлекс ұғымын енгізді. Рефлексстің көмегімен жануарлар мен адамдардың іс-әрекетін түсіндіре бастады.


Спиноза дуализмнің орнына жан денемен тығыз байланысты, онсыз өмір сүре алмайды деген көзқарасты ұсынды.

Ғылыми жаратылыстану жолымен адамдардың қабілеттерінің айырмашылығын түсіндіруге талпыныс жасады.


Ағылшын ойшылы психологиялық құбылыстарды тәжірибелік түсіндіруді және сипаттауды бір жүйеге келтірді, сонымен қатар тәжірибелік психологияның негізін салушы болып есептеледі.

Ағылшын ғалымының еңбектерінде ассоциативтік психология аяқталған түрде берілді. Оның айтуынша, адамның бүкіл жан дүниесі үш элементтің: түйсіктердің, идеялардың, және сезімдердің бір-бірімен байланысы, біріктірілуі негізінде құрылған.


Қазақстанда психология ғылымының қалыптасуы мен дамуы



*Бірінші кезеңі – кеңес
үкіметі орнағанға
дейінгі қазақ
психологиясы- бұл
кезең психология
ғылымының ілкі
бастауы(15-20ғ.)*



*Екінші кезеңі
марксистік кеңестік
психология деп
аталады (1920-1990)*



*Үшінші кезең – егемен,
тәуелсіз Қазақстан
жағдайында
қалыптасқан ғылыми
психология дамуының
жаңа кезеңі
(1991-2006)*

Әбу –Насыр әл-Фараби

Ол психология ғылымының әртүрлі мәселелеріне “Ақыл-ой туралы”, “Темперамент туралы”, “Түс көру туралы”, “Жанның мәні туралы”, “Ақыл-ой және ұғым”, “Жас өспірімнің ақыл ойы туралы кітап”, “Ересектердің ақыл ойы туралы кітап” және т.б. еңбектерін арнады. “Тіл адамның даңқын асырады”, “Адам ол арқылы бақыт табады”, “Тіл адамға жапа шектіреді”, “Абайламаса, басынан да айырады”, “Жақсы болғың келсе, жаман сөз айтпа” деген мәтелдердің психологиялық мәнін ашып көрсетті.

Жүсіп Баласағұни

Ол Қазақстанда психология ғылымы саласында тұңғыш рет 1939 жылы Ленинград қаласында “К.Д.Ушинский – Ресейдегі педагогикалық психологияның негізін салушы” тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. Қазақ топырағында алғаш рет 1922жылы “Педагогика” атты оқулық жазған.

Төлеген Тәжібаев

Қазақ топырағында тұңғыш рет “Педагогика” оқулығын 1926 жылы жазды.

Мағжан Жұмабаев

1923 жылы Орынбор қаласында “Педагогика” оқулығы орыс тілінде жарық көрді. Еңбегінде диалектиканың негізгі мәселелерін бір жүйелі баяндау тәжірибесіне тоқталады.

Жүсіпбек Аймауытов

В.Я.Струминский

Ол бірнеше ғылыми еңбектер мен мақалалардың авторы, әсіресе, оның “Оқушылардың ынтасын тәрбиелеу”(1958), “Қоғамдық пайдалы еңбек арқылы оқушыларға коммунистік тәрбие беру”(1959), “Бала тәрбиесінде семьяның рөлі”(1969).

Әбдірахман Асылбеков